

Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 мамыр N 569. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.21. N 522 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 54-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 5 м а м ы р д а ғ ы

N 5 6 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізудің тәртібін айқындайды.

2. Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін сату жөніндегі мамандандырылған аукцион (бұдан әрі - аукцион) - салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін (бұдан әрі - мүлік) салық берешегі есебіне сату жөніндегі конкурстық сауда-саттық.

3. Аукционды ұйымдастырушы - аукционды ұйымдастыру және өткізу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған тендердің жеңімпазы деп танылған заңды

т ұ л ғ а .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59

қаулысымен.

3-1. Бағалаушы - бағалау қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар және мүлікті бағалау жөнінде қызметтер көрсетуге арналған тендердің жеңімпазы деп танылған жеке не заңды тұлға. <*>

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59

қаулысымен.

4. Сатушы - мүлкі салық берешегі есебіне билік етуі шектелген және аукционда сатуға жататын салық төлеуші.

5. Аукционға қатысушы - аукционға қойылған мүлікті сатып алуға тілек білдірген және белгіленген тәртіппен тіркелген кез келген жеке немесе заңды тұлға, оның ішінде сатушы.

5-1. Тендерлік комиссияның құрамы мен тендерлік құжаттаманы тендерді ұйымдастырушы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.

Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан және кемінде үш адамнан құралуы керек. Тендерлік комиссия төрағасы тендерді ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан кем болмайтын тұлға болып табылады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Тендерлік комиссия хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды, тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде оның дауыс беруге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Тендерді өткізу туралы хабарландыру осы тендерге қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін бір ай қалған күннен кешіктірілмей ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде тендердің қорытындыларын шығарады. Тендердің қорытындылары мәжіліске қатысатын тендерлік комиссия мүшелері қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Тендерді ұйымдастырушы тендердің қорытындылары шығарылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде тендер нәтижелерін оның атауын, жеңімпазы мен оның мекен-жайын, бағалаушының атауы мен сыйақысының мөлшерін және аукционды ұйымдастырушы сыйақысының ставкасын көрсете отырып, тендерге қатысқандардың барлығына ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ж о л ы м е н х а б а р л а й д ы . < * >

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59

қаулысымен.

5-2. Тендерді ұйымдастырушы барлық тендерге қатысушыларға мынадай а қ п а р а т :

тендерге қатысушылар қойылатын біліктілік талаптарына өздерінің сәйкестігін растау үшін ұсынылуға тиіс құжаттарға қойылатын талаптар; сатып алынатын қызмет көрсетулердің сипаты мен техникалық және сапалық с и п а т т а м а л а р ы ;

қызметтердің көрсетілу орны;
қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;
бағалаушы сыйақысының ұсынылатын мөлшері және аукционды ұйымдастырушы сыйақысының базалық ставкаларының ең жоғары кері шәкілі;
мүлікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету және аукционды ұйымдастыру және өткізу жөнінде қызметтер көрсету туралы үлгі шарттар;
жеңетін тендерлік өтінімді анықтауға негіз болатын барлық өлшемдердің с и п а т т а м а с ы ;

тендерлік өтінімдерді, шарттарды жасау мен ұсыну тіліне қойылатын талап; тендерге қатысу үшін кепілдік жарнаны енгізу шарттары, оның құрамы мен н ы с а н ы ;

тендерге қатысушының тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті н ұ с қ а м а ;

тендерлік өтінімдер беру тәсілі, орны мен соңғы мерзімі және олардың қ о л д а н ы л у м е р з і м і ;

жеке және заңды тұлғалар олардың көмегімен тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндірме сұрата алатын тәсілдер;

тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылатын орны, күні және уақыты;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу және тендерлік өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер қамтылған тендерлік құжаттаманы ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і . < * >

Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

5-3. Тендерге қатысуға тілек білдірген тұлға ұсынған тендерлік өтінімде: белгіленген нысандағы тендерге қатысуға арналған өтінім; тендерге қатысушыға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р т і з б е с і ;

тендерге қатысушы ұсынатын бағалаушы сыйақысының мөлшері және аукционды ұйымдастырушының сыйақысы ставкасының мөлшері; кепілдік жарнаны енгізгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы; тендерлік құжаттамаға сәйкес тапсыруға қажетті басқа да құжаттар болуы

к е р е к .

Егер тендерге қатысуға біліктілік талаптарына сәйкес келетін екеуден кем тұлға тендерлік өтінім берсе, тендерлік комиссия тендерді өтпеді деп таниды. <*>

Ескерту. 5-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

5-4. Тендерлердің жеңімпаздары оған кем дегенде екі қатысушының ішінен ашықтық, қол жетімділік және ұсыныстардың бәсекелестігі қағидаттары негізінде анықталады. Аукционды ұйымдастырушыны анықтау үшін тендер өткізгенде аукциондарды ұйымдастыру мен өткізудің екі жылдан кем емес тәжірибесі, бағалаушыны анықтау үшін - бағалау қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы болуы біліктілік талабы болып табылады.

Тендерге қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттар жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігі, жасасылған шарттар бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржы, материалдық және еңбек ресурстары, төлемге қабілетті болуы және таратылуға жатпауы, олардың мүлкіне тыйым салынбаған болуға және олардың қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатылмаған болуға тиіс.

Тендерге қатысушылар біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растау үшін тендерді ұйымдастырушыға аттестаттардың, куәліктердің, патенттердің, лицензиялардың сертификаттардың, дипломдардың және анықтамалардың көшірмелерін табыс етеді. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде оларға міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есеп береді. <*>

Ескерту. 5-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

5-5. Аукционды ұйымдастырушыны анықтау жөніндегі тендер жеңімпазы болады:

1) осы Ереженің 6-1-тармағында көрсетілген базалық ставкалар шәкілінің барлық ұстанымдары бойынша сыйақы мөлшерінің ең төменгі ставкасын ұсынған;

2) аймақтық (облыстық) филиалдарының (өкілдіктерінің) ең көп саны бар тендерге қатысушы танылады. <*>

Ескерту. 5-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

5-6. Бағалаушыны анықтау жөніндегі тендердің жеңімпазы болып бағалауды өткізу үшін ең төменгі баға ұсынған оның қатысушысы танылады. <*>

Ескерту. 5-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

2. Аукцион өткізуге дайындық тәртібі

6. Салық қызметі органы тендерлік комиссиялар шешімдері негізінде тендерлер жеңімпаздарымен мүлікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету және аукционды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарттар жасасады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тапсырмасымен аумақтық салық органы аймақтық (облыстық) тендер өткізеді, оның нәтижелері бойынша мүлікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

6-1. Сатылған мүліктің сомасына байланысты аукционды ұйымдастырушы сыйақысының мөлшері базалық ставкаларының мынадай неғұрлым кері шәкілі белгіленеді:

150 еселенген жылдық есепті көрсеткішке дейін - тендер жеңімпазы ұсынған сыйақы ставкасы, бірақ 7%-дан жоғары емес;

150 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен 1 000 еселенгенге дейін - 150 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен сыйақы сомасы + одан асатын соманың 0,5 % - на дейін;

1 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен 10 000 еселенгенге дейін - 1 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен сыйақы сомасы + одан асатын соманың 2 % - на дейін;

10 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен 15 000 еселенгенге дейін - 10 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен сыйақы сомасы + одан асатын соманың 1 % - на дейін;

15 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен және одан жоғары - 15 000 еселенген жылдық есепті көрсеткіштен сыйақы сомасы + одан асатын соманың 0,2 % - на дейін.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

6-2. Бағалаушыға сыйақы бағалау объектісінің құнына байланысты төленеді:

1 000 000 теңгеге дейін - 10 000 теңгеге дейін;

1 000 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін - 30 000 теңгеге дейін;

10 000 000 теңгеден 100 000 000 теңгеге дейін - 70 000 теңгеге дейін;

100 000 000 теңгеден жоғары - 100 000 теңгеге дейін.

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

7. Мүлікті сатуға дайындау жөніндегі аукцион ұйымдастырушы қабылдайтын шаралар мыналарды өзіне қамтиды:

1) салық қызметі органынан мүлік тізімдемесінің актілері мен салық төлеушінің мүлікке билік етуіне шектеу қою туралы шешімдердің көшірмелерін, сондай-ақ мүлікке құқық белгілеуші құжаттар алады; <*>

2) аукционға қатысушылардың мүлікті қарауын ұйымдастырады; <*>

3) сауда-саттыққа лотты, оның ішінде өндірістің бірыңғай технологиялық желілерін сақтауды есепке ала отырып қою тәртібін айқындайды;

4) мүлік туралы мәліметі бар ақпараттық хабарлама (аукционды өткізудің күні, уақыты және орны, салық төлеушінің атауы, аукционға қысқаша тізімі мен жалпы құнын көрсетіп қойылатын мүлік, бағалаушының қызметтерін қоса алғанда төлеу шарттары, аукционға қатысу үшін кепілдік жарнаның мөлшері, аукционды ұйымдастырушының оған аударылуға немесе қолма-қол ақшамен енгізілуге тиіс арнайы шотының деректемелері, аукционға қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау мекен-жайы, уақыты мен мерзімі, қажет болған кезде аукционды ұйымдастырушы қызметіне қосымша төлеу туралы шарт, аукционды ұйымдастырушының қалауы бойынша басқа да ақпарат) жасайды және оны өткізудің мәлімделген күніне дейін оны он жұмыс күнінен кешіктірмей ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастырады; <*>

5) сатушыны немесе оның заңды не уәкілетті өкілін және салық қызметінің органын аукцион өткізу күні, уақыты және орны туралы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық хабарлама жариялау жолымен хабарлайды; <*>

б) осы Ережеден туындайтын өзге де шарттарды орындайды.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

8. Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкі құрамына кіретін бағалы қағаздарды сату бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарламаны жариялаған күнінен бастап жүргізіледі және аукцион өткізетін күнге дейін бір күн бұрын аяқталады.

3. Аукционға қатысудың шарттары

10. Аукционға қатысушы аукционға қатысу үшін осы Ереженің 11-тармағында белгіленген кепілдік жарнаның сомасын енгізуі және өзінің қатысуын аукционды ұйымдастырушы жүргізетін өтінімдерді тіркейтін арнайы кітапта тіркеуі тиіс. Аукционға қатысушы қатысуды тіркеу үшін мынадай құжаттарды беруге міндетті:

1) қатысушының жеке басын растайтын құжаттар;

2) салық төлеушінің мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің көшірмесі;

- 3) кепілдік жарнаның төленгенін растайтын құжаттар;
- 4) заңнамада белгіленген жағдайларда үшінші тұлғаның атынан осы аукционға қатысу құқығын растайтын құжаттар.

11. Кепілдік жарнаның мөлшерін аукционды ұйымдастырушы белгілейді және ол лоттың бастапқы бағасының 10%-нан аспайды. Бұл ретте, салық берешегі есебіне салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкі тізімдемесінің актісінде белгіленген баға бастапқы баға болып есептеледі. Бұл ретте бастапқы бағаны бағалаушының мүлікті бағалау жөніндегі есебінің деректеріне сүйене отырып, құрамы мен функцияларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындайтын комиссия анықтайды. <*>

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

12. Кепілдік жарнаны енгізу сауда-саттықтағы жеңімпаздың мынадай міндеттемелерін қамтамасыз етеді:

- 1) сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- 2) сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу.

13. Егер аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етілген сатушы немесе оның заңды не уәкілетті өкілі аукционға келмесе, онда аукцион оның қатысуынсыз өткізіледі, ал сатып алу-сату шартын оның атынан салық қызметі органы жасайды. <*>

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

4. Аукцион өткізудің тәртібі

14. Аукционға сатушы не оның заңды немесе уәкілетті өкілі, салық қызметі органының өкілі қатыса алады.

15. Аукционды ұйымдастырушы аукционға қатысушылар үшін мынадай мәліметтерден тұратын билеттер дайындайды:

- 1) аукционға қатысушы сауда-саттыққа қатысатын нөмір;
- 2) аукционға қатысушы қатысатын сауда-саттықтағы лоттың нөмірі;
- 3) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын құжаттың деректемелері.

16. Егер аукционға қатысушылардың кемінде екеуі қатысса, аукцион өтті деп саналады.

17. Әр лот бойынша аукцион лоттың құрамына кіретін мүліктің атауын, қысқаша сипаттамасын, бастапқы құнын және бағаның өзгеру қадамын жариялаудан басталады. Аукционды ұйымдастырушы сауда-саттық процесінде бұл туралы хабарлай отырып, қадамды алмастыруға құқылы. Өзгеру қадамы лот бағасының 2-ден 10%-ға дейінгі шегінде белгіленеді.

18. Аукционды ұйымдастырушы лоттың бастапқы бағасын хабарлаған кезде аукционға қатысушылар нөмірді көтеру арқылы хабарланған лот бойынша аукционға қатысу туралы өзінің ниетін растайды. Бұл ретте қатысушының

аукционда өзінің ниетін растамауы оның аукционға одан әрі қатысуын болдырмайды.

19. Аукционды ұйымдастырушы бастапқы бағаны кемінде жарияланған кадамға көтереді. Аукционды ұйымдастырушы аукционға қатысушылардың, лот бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың нөмірлерін хабарлайды, бағасын бекітеді және оны көтеруді ұсынады. Лот бойынша сауда-саттық ұсынылған ең жоғары бағаға дейін жүреді.

20. Лот үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған аукционға қатысушы жеңімпаз болып жарияланады.

21. Аукционды ұйымдастырушы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балғаны ұру арқылы лоттың құрамына кіретін мүліктің сатылғандығы туралы хабарлайды.

22. Егер бастапқы бағаны жарияланғаннан кейін аукционға қатысушылардың ешқайсысы осындай немесе неғұрлым жоғары бағаны ұсынбаса, онда баға төмендетілуі мүмкін, бірақ бір кадамнан көп емес. Егер мұндай төмендетуді хабарлағаннан кейін осы лот бойынша қатысушының көтерген нөмірі болмаса, онда ол бойынша аукцион тоқтатылады. Мүлік аукционнан алынады және осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген комиссия анықтаған бастапқы бағаны өзгерте отырып, аукционға қайта шығарылуы мүмкін. <*>

Егер бюджетке аударылуға тиесілі сома салық төлеушінің билік етуді шектелген мүлкін тізімдеу актісінде белгіленген сомадан аз болса, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді шығарған салық қызметі органы құндағы айырманы өтеу мақсатында мүліктің қосымша санына билік етуді шектеу туралы шешім шығарады. Бұл жағдайда аукционды ұйымдастырушының сыйақысы т о л е н б е й д і . < * >

Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

5. Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманы ресімдеудің тәртібі

23. Мүлікті сатқан кезде сауда-саттықтың жеңімпазы, сатушы және аукционды ұйымдастырушы арасында сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылады.

24. Хаттамада сатып алушы және сатушы, мүліктің атауы, мүліктің бастапқы бағасы мен сату бағасы, оның ішінде кепілдік жарна туралы, сондай-ақ сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі тараптардың міндеттемелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

25. Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі жеңімпазға табыс етіледі және сатып алу-сату шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

6. Кепілдік жарнаны қайтарудың тәртібі

26. Аукционды ұйымдастырушы аукционда ұтпаған қатысушының кепілдік жарнасын аукцион аяқталғаннан кейін екі банктік күннің ішінде қайтарады.

Жеңімпаздың кепілдік жарнасы оның сатып алған мүлкі үшін төлеуге тиісті
с о м а д а е с е п т е л е д і . < * >

Ескерту. 26-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

27. Жеңімпаздың кепілдік жарнасы ол осы Ереженің 23-тармағында көрсетілген хаттамаға қол қоюдан бас тартқан немесе сауда-саттықтың нәтижелері бойынша сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда қайтарылмайды. Бұл ретте аукционды ұйымдастырушы екі жұмыс күні ішінде мүлікті бағалауға және аукционды ұйымдастыруға кеткен шығындарды шегере отырып, арнайы бюджеттік шотқа есептеу үшін кепілдік жарнаның сомасын банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м ғ а е н г і з е д і . < * >

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

7. Сатып алу-сату шартын жасасудың тәртібі

28. Сауда-саттықтың нәтижелері бойынша жеңімпаз аукцион өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінің ішінде сатушымен жазбаша нысанда мүлікті сатып алу-сату шартын жасасады және шарт жасасқаннан кейін екі банктік күннің ішінде сатып алынған мүліктің тиесілі сомасын салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне бюджетке аударады. <*>

Аукционды ұйымдастырушы сатып алу-сату шартын жасасқаннан кейін екі банк күні ішінде кепілдік жарнасының сыйақысы сомасынан асатын мөлшерде оның бір бөлігін бюджетке аударады. Кепілдік жарнасының сомасы аукционды ұйымдастырушы сыйақысының сомасынан аз болған жағдайда, оған айырманы жеңімпаз мүлікті сатып алу-сату шартында көрсетілген деректемелер бойынша төлейді. Бағалаушының қызметтер көрсетуіне ақы төлеуді мүлікке ақы төлеу сомасынан жеңімпаз төлейді. <*>

Ескерту. 28-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

29. Егер сатып алушы аукцион өткізілгеннен кейін екі банктік күннің ішінде осы мүлік үшін тиесілі соманы енгізбесе, онда жасалған сатып алу-сату шарты бұзылады, сатып алушы аукционға қатысушы есебінен шығарылады және сатып алушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы қайтаруға жатпайды.

30. Осы мүлік бойынша сатып алу-сату шарты жасалмаған жағдайда аукционды ұйымдастырушы келесі күннен кешіктірмей мүлікті бағасы соңғының алдында (неғұрлым жоғары) болған сауда-саттықтың басқа қатысушысына ұсынады. Соңғысы сатып алуға келісім берген кезде осы Ереженің 23-25-тармақтарына сәйкес бір жұмыс күнінің ішінде хаттамаға қол қойылады.

Хаттаманың негізінде аукционға осы қатысушы екі жұмыс күні ішінде тиісті сатып алу-сату шартын жасайды және екі банктік күннің ішінде мүліктің толық құнын төлеуді жүргізеді.

31. Сатып алу-сату шартында шарттың мән-жайы, салық төлеушінің билік ету мүлкін салық берешегінің есебіне шектеу туралы салық қызметінің органы шешімінің күні мен нөмірі, сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманың күні мен нөмірі, тараптардың мүлік үшін құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, мүлік сатып алу үшін бюджетке төленген сома мен шарттың басқа да шарттары көрсетіледі.

8. Мүлікті аукционнан алу жөніндегі айрықша шарттар

32. Мүлікті аукционнан алу салық төлеуші салық берешегін аукцион өткізген күнге дейін өтеген жағдайда жүргізілуі мүмкін.

Аукционды ұйымдастырушы салық қызметі органының салық төлеушінің салық берешегін өтегені туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мүлікті аукционнан алу туралы қатысушыларды хабардар е т е д і .

< * >

Бұл жағдайда бағалау мен аукционды ұйымдастыру бойынша жасалған барлық шығыстарды салық төлеуші өтейді. <*>

Ескерту. 32-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.20. N 59 қаулысымен.

33. Салық қызметінің органы бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық берешегінің сомасын сатушы өтегеннен кейін салық төлеушінің билік ету мүлкін шектеу туралы шешімді жоққа шығарады.

9. Салық берешегінің артық төленген сомасын қайтару

34. Салық төлеушінің сатқан мүлкі бойынша артық төленген сома пайда болған жағдайда, салық берешегі мен сатылған мүлік сомасының арасындағы айырмашылық "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 39-40-баптарына сәйкес салық төлеушіге қайтарылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 5 м а м ы р д а ғ ы

№ 5 6 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Заңды тұлға - салық төлеушінің салық, сондай-ақ алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы

Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 24, 272 - құжат).

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді мерзімінде төлемеген салық төлеушінің мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1041 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 26, 307-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 қазандағы N 1278 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 42, 400-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 және 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1041 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 наурыздағы N 333 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 12, 96-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 741 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 253-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1041 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 маусымдағы N 773 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 28, 263-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2029 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 17-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 және 2000 жылғы 12 ақпандағы N 217 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 424 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.